



БЕКІТЕМІН

«Жәңгір хан» атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ басқарма төрағасы - ректор

А.М.Наметов

«26» 08 2022 ж.

ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

**УНИВЕРСИТЕТТІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КОРПОРАТИВТІК
МӘДЕНИЕТ КОДЕКСІ**

СМЖ.08.КЕ.23

Басылым № 04

Дана № _____

Дайындалды: 27.08.2022 ж.	Келісілді: 25.08.2022 ж.	Енгізілді: 27.08.2022 ж.
Е.К. Таскалиев	Н.М.Губашев М.Ж.Алмагамбетова Е.Б.Ихсанов	05.09.2019 ж. СМЖ.08.КЕ.23 орнына. Қайта қаралуы: 27.08.2025 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Мақсаты
2. Қолданылуы
3. Терминдер мен қысқартулар
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Сипаттама
6. Құжаттама
7. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Мақсаты

Корпоративтік мәдениет кодексі (бұдан әрі - Кодекс) Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті (бұдан әрі - Университет) персоналының өзара қарым-қатынасының міндетті ережелерін белгілейтін нормативті құжат болып табылады және университеттің корпоративтік мәдениетін нығайту мен дамыту, университет миссиясын ұғыну, мамандар даярлау сапасын жақсартуға және ЖОО-ң мәртебесін қазақстандық және әлемдік білім беру кеңістігінде жоғарылатуға бағытталған университеттің стратегиясы мен негізгі бағдарламаларын саналы қолдауды қамтамасыз ету үшін профессор-оқытушылар құрамының, білім алушылардың және қызметкерлердің этикалық мәдениет деңгейін арттыру мақсатында енгізіледі.

2. Қолданылуы

Кодекс университеттің барлық ұжымына арналған.

3. Терминдер мен қысқартулар

3.1 Терминдер

Осы ережеде қолданылатын терминдер мен анықтамалар ИСО 9000-2015 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік құжатына сәйкес келеді.

Үдерісті сипаттау кезінде төменде берілген терминдер қолданылады:

Корпоративтік мәдениет – университет қызметкерлерінің мінез-құлық пен жұмыс жасау тәртібін айқындайтын ережелер мен стандарттар боп табылатын ортақ әлеуметтік мүдделер, ұстанымдар, мінез-құлық нормалары, көзқарастар мен құндылықтар жүйесі. Ұйым мүшелерінің басым бөлігі (барлығы) корпоративтік мәдениет нормаларын ұстануы тиіс.

Корпоративтік рух - университет қызметкерлерінің жеке тұлғалық ерекшеліктерін біріктіретін ортақ қауымдасқан «Мен» сезімі. Аталған ерекшеліктер қызметкерлердің өз-өзін тану, бірлікте болу тетіктері арқылы, олардың мақсат ортақтығын, ортақ табысқа әкелетін жеке және ортақ мақсаттар арасындағы арақатынасты үйлестіру тетіктері арқылы біріктіріледі.

Университеттің **корпоративтік стилі** корпоративтік мәдениеттің басты қағидаттарымен сәйкес ЖОО-ның миссиясы, стратегиялық мақсат-міндеттері негізінде қалыптасады. Корпоративтік стильдің сыртқы белгілері ЖОО-ның корпоративтік нышандарынан көрінеді. Бұл нышандар университет объектілері мен субъектілерін (офистер, ғимараттар, үймәреттер, корпоративтік БАҚ, web-сайттар, Internet, Intranet, жарияланымдар мен ақпараттық мәліметтер), ЖОО қызметкерлер ұжымын визуалдық қабылдаудан көрініс табады.

Имидж – университеттің ішкі (қызметкерлер санасындағы) және сыртқы (әріптес мекемелер, билік органдары және азаматтық қоғам субъектілерінің санасындағы) бейнесі.

Миссия – университет философиясы, мәні мен мағынасы. Миссиядан ЖОО-ның өзге жоғары кәсіби білім мекемелерінен ерекшелігі көрініс табады; университеттің не үшін және қандай мақсатта қызмет істейтіндігі туралы кесімді тұжырым.

Іскери этика – университет қызметкерлерінің өз қызметінде басшылыққа алатын этика нормалары мен қағидаттарының жиынтығы.

Іскери этикет – университет қызметкерлерінің мінез-құлық тәртібі. Оның ішіне түрлі іскери жағдаяттардағы реттелген мінез-құлық ережелері кіреді (мысалы, іскери хат алмасуда, іскери қарым-қатынаста, жұмысқа қабылдау кезінде, басшылыққа жүгіну кезінде және т.б.).

Мүдделер қақтығысы – жалпы тұтастай университет ұжымы мүдделері мен корпоративтік қарым-қатынасқа қатысушы жеке субъект немесе субъектілер топтары, немесе жекелеген әлеуметтік топтар мүдделері арасынан таңдау жасау жағдаяты.

3.2 Қысқартулар

Үдерісті сипаттау барысында орфография ережелерімен қарастырылған және СМЖ.07.ҚР.01. Ақпараттарды құжаттау рәсімінде келтірілген қысқартулар қолданылады.

4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі

4.1 Университеттің оқытушылары мен қызметкерлері:

4.1.1 Университет мәртебесін құрметтеу, Университет оқытушысы және қызметкері деген атаққа ар-намысымен, еңбегімен лайықты болуға.

4.1.2 Университеттің миссиясына ортақтасуға және кәсіби қызметін атқарғанда өзінің жеке мүддесін ұжымдық мүддемен үйлестіруге.

4.1.3 Университеттің мақсаты мен міндеттерін орындауда өз жауапкершілігін сезінуге, университеттің табысқа жетуіне жеке үлесін қосуға.

4.1.4 Өзінің қызметтік міндеттерін орындай отырып, жоғары мәдениеттілік, жауапкершілік, адамгершілік, академиялық адалдық және объективтілік көрсетуге, әріптестерімен және білім алушылармен қарым-қатынаста өзара сыйластықты, қайырымдылықты басшылыққа алуға.

4.1.5 Өзінің білім деңгейін үнемі жетілдіріп, отандық және шетелдік тәжірибе мен ғылым жетістіктерін меңгере отырып кәсібилікке талпынуға.

4.1.6 Білім алушылар үшін еңбек тәртібін үлгі етуге, өз университетіне, оның дәстүрлері мен тарихына жанашырлықпен қарауға.

4.1.7 Университеттің іскери абыройын құрметтеуге, университет мүддесіне қарама-қайшы келетін қандай да бір қызметтен бас тартуға, оның атағы мен абыройына нұқсан келтіретін кез келген әрекетті болдырмауға **міндетті**.

4.2. Университетінің оқытушылары мен қызметкерлері:

4.2.1 Әріптестерінің, білім алушылардың ар-намысына нұқсан келтірмеуі;

4.2.2 Қай жерде болмасын өз әріптестерінің жеке өмірін немесе олардың кемшіліктерін сынамауы;

4.2.3 Университет аумағында ішімдік ішпеуі, темекі тартпауы;

4.2.4 Білім алушылардан оқу мен ғылым үдерісінің қорытынды нәтижелеріне көмектесу мақсатында сыйлық пен ақшалай сыйақылар алмауы;

4.2.5 Діни көзқарастарды, сондай-ақ ұлтаралық бірлік пен дінаралық келісімге қарама-қайшы пікірлерді таратпауы;

4.2.6 Жұмысқа және сабаққа кешікпеуі, жұмыс уақытын өздігінен қысқартпауы;

4.2.7 Қызмет барысында дөрекілік, ыждаһатсыздық танытпауы;

4.2.8 Қызмет бабын пайдаланып, білім алушыларға қысым жасап, олардың білімін бағалауда субъективті көзқарас танытпауы;

4.2.9 Университет әкімшілігінің шешімі мен оның қызметі жайлы жалған ақпаратты таратпауы **тиіс**.

4.3 Басшылардың бағынушыларға қарым-қатынасы

4.3.1 Басшы:

- өзінің кәсіби және адамгершілік мінез құлқымен қарамағындағыларға үлгі болуы;

- іскери қарым-қатынас этикасы ережелеріне негізделген нормалар мен қағидаларға бағынуы;

- қарамағындағылардың ар-намысына нұқсан келтірмеуі;

- қарамағындағылардың алдында өз қатесін мойындауы, оны өз атына айтылған сын ретінде қабылдамауы;

- ұжымда тиімді моралдық-психологиялық орта қалыптастыра білуі **тиіс**.

4.3.2 Әріптестермен қарым-қатынас:

-бірін-бірі сыйлауы;

-ағаттық танытқаны үшін міндетті түрде кешірім өтінуі;

-басқа қызметкерлердің алдында әріптестерінің, бағынушыларының, басшыларының айтқан сынына сабырлы болуы;

-қауесетке сенімсіздікпен қарап, оның таралуына жол бермеуі;

-әріптестеріне, басшыларына және бағынушыларына «Сіз» деп, оларды есімі, әкесінің атымен атауы;

-жұмыс уақытында қызметтен тыс міндеттерді атқармауы;

- балағаттамауы, ұстамсыздық танытпауы, өштеспеуі;
- әріптестерімен білімі және тәжірибесімен бөлісуі **қажет**.

4.3.3 Оқу үдерісі, зерттеу және сараптамалық қызмет аясындағы қарым-қатынас:

- университеттегі жұмысын негізгі кәсіби міндеті ретінде санап, білім алушыларға үлгі болуы;
- дәріс беретін пән саласын жан-жақты білуі әрі құзыретті болуы;
- біліктілігі жоғары педагог болуы;
- білім алушылардың білімін, біліктілігі мен тәжірибелік дағдысын әділ бағалауы;
- әлеуетін, білімін, тәжірибесін Университеттің ғылыми табыстарының кемелденуіне арнауы;
- жарияланбаған дереккөздерді өз игілігіне пайдаланбауы, плагиатқа бармауы;
- сараптау, пікір беру және ғылыми жетекшілік барысында жарияланбаған ақпараттың құпиялылығын сақтауы **тиіс**.

4.3.4 Жиналыстар мен мәжілістерге қатысу барысында

- жиналысқа уақытында келуі;
- күн тәртібімен алдын-ала танысу, қажет материалдарды, сұрақтарды, кепілдемелерді өзімен бірге ала келуі;
- жиналыс немесе мәжіліс басталар алдында ұялы телефонды сөндіруі;
- сыртқы шығу қажет болғанда немесе қайта кіргенде әдеппен кешірім сұрауы;
- жиналысты жеке мүддесі үшін пайдаланбауы;
- белгіленген регламентті бұзбауы **қажет**.

5.Сипаттама

5.1 Жалпы ережелер

Университет оқытушылары мен қызметкерлерінің корпоративтік мәдениет кодексі ҚР Еңбек кодексіне және ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес әзірленді. Университет оқытушылары мен қызметкерлерінің корпоративтік мәдениет кодексі ЖОО ұжымында жағымды моральдық-психологиялық климат қалыптастыруға бағытталған.

Ережелерді орындау күн сайын есепке алынады және университет қызметкерлерін аттестаттау кезінде бағаланады. Университеттің әрбір оқытушысы мен қызметкері осы кодекстің нормаларын мүлтіксіз орындай отырып университеттің имиджі мен іскерлік беделін нығайтуға өздерінің үлесін қосады.

5.2 Жұмысты орындау тәртібі

5.2.1 Университеттің қызметі төмендегі қағидаларға негізделеді:

5.2.1.1 Университет – сапалы білім берудің, инновациялық ғылымның, мәдениеттің, оқытудың заманауи технологиялық жетістіктерін пайдаланатын жетекші орталық.

5.2.1.2 Еліміздің жарқын болашағын жасауға атсалысатын инновациялық, қуатты білім мен ғылым ордасы.

5.2.1.3 Университет өз қызметкерлерін бағалайды, әрі құрметтейді.

5.2.1.4 Университет ұжымы жемқорлық пен парақорлықтан адал.

5.2.1.5 Университет академиялық озық дәстүрлерді, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды сақтап, одан әрі дамыта отырып, инновациялық өркендеуге ұмтылады.

5.2.1.6 Университет рухы – ұжым мүшелерінің ажырамас бірлігінде. Университет оқытушылары, түлектері мен білім алушыларының шығармашылығы, ынтымақтастығы мен серіктестігі корпоративтік мәдениеттің басты құндылығы болып табылады.

5.2.2 Университеттің басты корпоративтік құндылықтары:

5.2.2.1 Жоғары сапалы білім беру қызметі.

5.2.2.2 Әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу.

5.2.2.3 Өзгерістер мен инновацияларды қабылдау.

5.2.2.4 Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге басымдылық беру.

5.2.2.5 Жоғары академиялық жауапкершілік.

5.2.2.6 Кемелдену және шығармашылық даму.

5.2.2.7 Өнегелілік, отансүйгіштік, азаматтық.

5.2.2.8 Қызметкерлер мен білім алушыларды құрметтеу, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау.

5.2.2.9 Университеттің қызметіне адалдық және оның қоятын жоғары талаптарына лайықты бола білу.

5.3.3 Корпоративтік мәдениет кодексі ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік

5.3.3.1 Корпоративтік мәдениет – университетте жұмыс істейтін қызметкерлер мен білім алушылардың бәріне бірдей, тең дәрежедегі ортақ іс.

5.3.3.2 Университет қызметкерлері мен білім алушылары Корпоративтік мәдениет кодексін білуге міндетті және өз қызметі мен мінез-құлқы үшін университет қауымдастығы алдында жауапты.

5.3.3.3 Университеттің әрбір қызметкері осы кодекстің орындалуы үшін моралдық тұрғыдан жауапты.

5.3.3.4 Кодекс ережелерінің бұзылуы университет қызметкері мен білім алушыларының мәртебесіне лайықсыз әрекет ретінде қарастырылады.

5.3.3.5 Корпоративтік мәдениет кодексінің орындалуын бақылау университет институттарында Этика жөніндегі комиссия жетекшілеріне жүктеледі.

5.3.3.6 Корпоративтік мәдениет кодексі нормаларын бұзғаны үшін білім алушылар мен қызметкерлерге келесідей шаралар қолданылуы мүмкін:

-көпшілік алдында кешірім сұрату;

-институттың немесе университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде талқылау;

-тәртіпке шақыру шаралары.

5.3 Үдерістің сәйкестендірілген тәуекелдері

№	Сәйкестендірілген тәуекелдер	Тәуекелдердің алдын-алу бойынша шаралар
1.	Корпоративтік мәдениет кодексін сақтамау	Оқытушылар мен қызметкерлерді корпоративтік мәдениет кодексімен таныстыру

5.4 Нәтижелілік критерийлері

Корпоративтік мәдениет кодексін бұзғаны үшін әкімшілік жазалаудың болмауы.

5.5 Үдерісті мониторингілеу (бағалау) және басқару әдістері

Басқарама төрағасы - ректор, Басқарма төрағасы – ректордың орынбасары – стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор және барлық бөлімше жетекшілерінің тарапынан бақылау.

6. Құжаттама

-

7. Сілтемелер

ҚР «Білім туралы» заңы 27.07.2007 ж. № 319;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы 18.11.2015 ж. № 410-у;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-У;

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» КеАҚ-ның 2019-2023 жылдарға арналған даму бағдарламасы;

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ Жарғысы;
СМЖ.08.ҚЕ.06 Ішкі тәртіп ережелері.



• УТВЕРЖДАЮ
Председатель правления - ректор
НАО Западно-Казахстанского
аграрно-технического университета
имени Жангир хана

А.М. Наметов
« 26 » 2022 г.

ПОЛОЖЕНИЕ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

**КОДЕКС КОРПОРАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ
ПРЕПОДАВАТЕЛЯ И СОТРУДНИКА УНИВЕРСИТЕТА**

СМК.08.ПД.23

Редакция № 04

Экземпляр № _____

Разработано: 22.08.2022 г.	Согласовано: 25.08.2022 г.	Введено: 21.08.2022 г.
Е.К.Таскалиев	Н.М.Губашев М.Ж.Алмагамбетова Е.Б.Ихсанов	Взамен: СМК.08.ПД.23 от 05.09.2019 г. Пересмотр: 27.09.2025 г.

СОДЕРЖАНИЕ

1. Цель
2. Применение
3. Термины и сокращения
4. Ответственность и полномочия
5. Описание
6. Документация
7. Ссылки

Изменения				
№	Дата введения	Номера страниц	Разработчик	
			ФИО	Подпись

1. Цель

Кодекс корпоративной культуры (далее - Кодекс) является нормативным документом, устанавливающим обязательные правила взаимоотношений персонала Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана (далее - университет) и вводится с целью укрепления и развития корпоративной культуры университета, понимания миссии университета, повышения уровня этической культуры профессорско-преподавательского состава, обучающихся и сотрудников для обеспечения сознательной поддержки стратегии и основных программ деятельности университета, направленных на улучшение качества подготовки специалистов и повышение престижа вуза в казахстанском и мировом образовательном пространстве.

2. Применение

Кодекс предназначен для всего коллектива университета.

3. Термины и сокращения

3.1 Термины

Термины и определения, применяемые в настоящем положении, соответствуют ИСО 9001-2015 Система менеджмента качества. Основные положения и словарь.

При описании положения используются следующие термины:

Корпоративная культура - это система общих социальных интересов, убеждений, норм поведения, установок и ценностей, которые являются правилами и стандартами, определяющими, как должны работать и вести себя сотрудники университета. Нормы корпоративной культуры должны разделяться подавляющим большинством (всеми членами) членов организации.

Корпоративный дух - общее корпоративное "Я", объединяющее в себя индивидуальные особенности работников университета через механизмы самоидентификации, сплочения, осознания работниками общности целей организации, гармонизации отношений между личными и общими целями и приводящих к общему успеху.

Корпоративный стиль университета формируется на основе его миссии, стратегических целей и задач в соответствии с основными принципами корпоративной культуры. Внешние признаки корпоративного стиля выражаются в корпоративной символике вуза отраженной в визуальном восприятии объектов и субъектов университета (офисов, зданий, сооружений, корпоративных СМИ, web-сайтах, Internet, Intranet, публикациях и информационных сообщениях) и ее персонала.

Имидж – внутренний (существующий в сознании работников) и внешний (существующий в сознании партнеров, органов власти и субъектов гражданского общества) образ университета.

Миссия – философия и предназначение, смысл существования университета, в котором проявляется его отличие от других учреждений высшего профессионального образования; сформулированное утверждение относительно того, для чего и по какой причине существует университет.

Деловая этика – совокупность этических норм и принципов, которыми руководствуются работники университета в своей деятельности.

Деловой этикет – порядок поведения работников университета, включающий систему регламентированных правил поведения в различных деловых ситуациях, в том числе при деловой переписке, деловом общении, приеме на работу, обращении к руководству и т. д.

Конфликт интересов – ситуация выбора между интересами всего коллектива университета в целом и интересами отдельного субъекта или группы субъектов или отдельных социальных групп, участвующих в корпоративных отношениях.

3.2 Сокращения

При описании процесса используются сокращения, предусмотренные правилами орфографии и приведенные в процедуре СМК.07.ДП.01 Документирование информации.

4. Ответственность и полномочия

4.1 Преподаватели и сотрудники университета обязаны:

4.1.1 С честью и достоинством поддерживать статус университета, своим трудом оправдывая высокое звание преподавателя и сотрудника университета.

4.1.2 Разделять миссию университета и в профессиональной деятельности соотносить свою миссию с корпоративной.

4.1.3 В полной мере принимать ответственность за реализацию заявленных университетом целей и задач, быть причастным к результатам деятельности университета.

4.1.4 Выполняя свои служебные обязанности, проявлять высокую культуру, ответственность, добросовестность, академическую честность и объективность, руководствоваться принципами взаимного уважения, корректности, доброжелательности в отношениях с коллегами и обучающимися.

4.1.5 Стремиться к профессионализму, постоянно повышая уровень своих знаний, изучая отечественный и зарубежный опыт и достижения науки.

4.1.6 Служить для обучающихся личным примером трудовой дисциплины, уважительного и бережного отношения к своему университету, его традициям, истории.

4.1.7 Дорожить деловой репутацией университета, воздерживаться от участия в деятельности, противоречащей или наносящей урон интересам университета, пресекать любые попытки опорочить его честь и авторитет.

4.2 Преподаватели и сотрудники университета не должны:

4.2.1 Унижать достоинство коллег и студентов, использовать нецензурные выражения, проявлять фамильярность и высокомерие.

4.2.2 Обсуждать где-либо личную жизнь коллег или их недостатки.

4.2.3 Появляться в нетрезвом виде и употреблять в университете алкогольные напитки, курить в не отведенных для этого местах.

4.2.4 Принимать от обучающихся подарки или денежное вознаграждение.

4.2.5 Распространять религиозные идеи, а также мнения и установки, противоречащие межнациональному единству и межконфессиональному согласию.

4.2.6 Опаздывать на работу, сокращать время проведения занятий или выполнения своих служебных обязанностей, пропускать их без уважительной причины.

4.2.7 Проявлять грубость и невнимание при выполнении своих обязанностей.

4.2.8 Злоупотреблять своими должностными полномочиями в отношении студентов и магистрантов, допускать предвзятое отношение к обучающимся и субъективизм при оценке их знаний.

4.2.9 Распространять недостоверную информацию о решениях администрации университета и деятельности его подразделений.

4.3 Отношения руководителя к подчиненным

4.3.1 Руководитель должен:

-своим профессиональным и общечеловеческим поведением служить примером для подчиненных;

-базировать нормы и принципы своего поведения на основных правилах корпоративной культуры и этики делового общения;

-не ущемлять достоинства, самоуважения и личного статуса подчиненных;

-уметь признавать перед подчиненными собственные ошибки и не преследовать их за конструктивную критику в свой адрес;

-создавать доброжелательную и деловую обстановку в коллективе.

4.3.2 Отношения с коллегами:

-уважительно относиться друг к другу;

-обязательно извиняться при некорректном поведении (поступке);

- воздерживаться от критики коллег, подчиненных, руководителя в присутствии других сотрудников;
- негативно относиться к слухам, препятствовать их распространению;
- обращаться к руководителям, коллегам, подчиненным и обучающимся на «Вы»;
- в рабочее время заниматься только делами, связанными с выполнением непосредственных служебных обязанностей;
- не сквернословить, не проявлять несдержанность и агрессию;
- помогать коллегам в работе, делиться знаниями и опытом.

4.3.3 Отношения в рамках учебного процесса, исследовательской и экспертной деятельности:

- относиться к работе как к главной профессиональной обязанности, служить примером для обучающихся;
- быть компетентным, постоянно поддерживая высокий уровень научно-педагогической квалификации;
- честно и объективно оценивать знания, умения и навыки обучающихся;
- отдавать свои силы, знания и опыт делу приумножения научных достижений университета;
- не прибегать к плагиату, присвоению идей из неопубликованных источников;
- соблюдать конфиденциальность неопубликованной информации, полученной в ходе экспертизы, рецензирования или научного руководства.

4.3.4 Этические нормы при проведении собраний и совещаний:

- приходить на собрания вовремя;
- заранее знакомиться с повесткой дня и иметь с собой все необходимые материалы;
- перед началом собрания или совещания отключать мобильный телефон;
- негромко извиниться при выходе и возвращении в зал во время заседания;
- не использовать трибуну собрания для решения личных проблем;
- строго следовать установленному регламенту собрания.

5. Описание

5.1 Общие положения

Кодекс корпоративной культуры преподавателя и сотрудника университета разработан в соответствии с Трудовым кодексом РК и Законом «Об образовании» РК. Кодекс корпоративной культуры преподавателя и сотрудника университета направлен на создание благоприятного морально-психологического климата в вузовском коллективе.

Соблюдение правил учитывается ежедневно и оценивается при аттестации работников университета. Каждый преподаватель и сотрудник университета, неукоснительно соблюдая нормы данного кодекса, вносит свой вклад в укрепление его имиджа и деловой репутации.

5.2 Порядок выполнения работы

5.2.1 Деятельность университета основывается на следующих принципах:

5.2.1.1 Университет – ведущий центр качественных знаний, науки, культуры и инноваций, использует новейшие технологические достижения.

5.2.1.2 Инновационный, мощный образовательный и научный центр, который способствует светлому будущему страны.

5.2.1.3 Университет ценит и уважает своих сотрудников и всегда действует в соответствии с самыми высокими этическими стандартами.

5.2.1.4 Коллектив университета нетерпим к любым проявлениям коррупции и взяточничества.

5.2.1.5 Коллектив университета провозглашает академическую свободу и ответственность, сохраняет и развивает университетские традиции, национальные и общечеловеческие ценности.

5.2.1.6 Дух коллектива университета – в единстве. Креативность, сопричастность и партнерство преподавателей, сотрудников, обучающихся и выпускников университета – неотъемлемые черты корпоративной культуры.

5.2.2 Главные корпоративные ценности:

5.2.2.1 Конкуренентоспособность предоставляемых образовательных услуг.

5.2.2.2 Интеграция в мировое образовательное пространство.

5.2.2.3 Открытость к переменам и инновациям.

5.2.2.4 Постоянная ориентация на научные исследования и разработки.

5.2.2.5 Высокая академическая ответственность.

5.2.2.6 Стремление к совершенствованию и творческому росту.

5.2.2.7 Нравственность, патриотизм, гражданственность.

5.3.2.8 Уважение к личности работника и обучающегося, защита их прав и интересов.

5.3.2.9 Преданность университету и готовность соответствовать его высоким стандартам.

5.3.3 Ответственность за нарушение кодекса корпоративной культуры

5.3.3.1 Корпоративная культура в одинаковой степени является делом всех преподавателей и сотрудников.

5.3.3.2 Преподаватели и сотрудники университета обязаны знать и соблюдать Кодекс корпоративной культуры, нести строгую ответственность за свою деятельность и поведение.

5.3.3.3 Каждый сотрудник Университета несет моральную ответственность за исполнение настоящего Кодекса.

5.3.3.4 Нарушение положений Кодекса рассматривается как действие, несовместимое со статусом преподавателя и сотрудника университета.

5.3.3.5 Контроль за соблюдением Кодекса корпоративной культуры возлагается на руководителей Комиссий по этике институтов университета.

5.3.3.6 За нарушение норм Кодекса корпоративной культуры университета к сотрудникам, преподавателям и обучающимся могут быть применены следующие меры:

-рекомендация принести публичные извинения;

-обсуждение поведения Комиссиями по этике в институтах и Дисциплинарном совете университета;

-дисциплинарное воздействие.

5.4 Идентифицированные риски процесса

№	Идентифицированные риски	Меры по предупреждению рисков
1.	Не соблюдение кодекса корпоративной культуры	Ознакомление преподавателей и сотрудников с кодексом корпоративной культуры

5.5 Критерии результативности

Отсутствие административных взысканий за нарушение кодекса корпоративной культуры.

5.6 Методы мониторинга (оценки) и управления процессом

Контроль со стороны Председателя правления - ректора, заместителя председателя правления - ректора – проректора по стратегическому развитию и финансам и всех руководителей подразделений.

6. Документация

-

7. Ссылки

Закон РК «Об образовании» 27.07.2007 г. № 319;

Закон РК «О противодействии коррупции» 18.11.2015 г. № 410- v;

Трудовой кодекс РК № 414-V от 23.11.2015 г.;

СТ РК ИСО 9001-2016 Системы менеджмента качества. Требования;
Программа развития НАО «ЗКАТУ имени Жангир хана» на 2019-2023 годы;
Устав Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана;
СМК.08.ПД.06 Правила внутреннего распорядка.

